

**«Күншуақ» бөбекжай- бақшасы»МҚКҚ**

**«Балабақшадағы мәдени дәстүрлер»  
(ересек тобына арналған вариативтік компонент)  
2024-2025 оқу жылы**

**Тәрбиеші: Абдыкова А.Т**



**Тақырыптың өзектілігі :** Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбиелі- адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Сондықтан еліміздің ертеңгі ұлт тізгінінің ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру біздің негізгі мақсатымыз. Осыған орай балабақшадағы тәрбие үрдісін ұлттық қағидалармен толықтыру өте қажеттілікті талап етеді.

**Мақсаты:** Балабақшада балаларға ұлттық тәрбие беру мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыру,оның бір мысалы ретінде ауыз әдебиеті үлгілерін,қазақ халқының салт-дәстүрлерін тиімді пайдалану,халықтық педагогика тағылымдарын ұштастырудың тиімді жолдарын зерделеу .

**Міндеттері:** Халық педагогикасы арқылы ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, балаларды адамгершілікке, еңбекке,тапқырлыққа, ыждағаттылық сезімге баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

“ Атадан бала тусайшы,ата жолын қусайшы” дегендей атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуді арман етіп: “шыншыл, әділетті, иманды болу сонау ата-бабамыздан келе жатқан дәстүріміз”,

Ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі орны; Қолы қатайып, денесі шындала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып, жетіле түседі .

Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары шындалады, ұстамдылығы іскерлігі дамиды .

Жан-жақты дамыған денсаулығы мықты дара тұлғаларды тәрбиелеу ежелден –ақ халық дәстүрі .

Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық салт-дәстүрлермен таныстырудың тиімді жолдары Дәстүр- бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ұсынып отырушы: *Ол тұтастай алғанда, жас ұрпақ үшін ғана адам өмірін рухани адамгершілігінің қуат қайнар көзі.*

Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағытталған, баланың жан дүниесінің қалыптасуына, рухани-мақсатына негіз болатын мүмкіндіктері мол.

**Дамытушылығы:** Тәрбиелік мәні бар мәдени ойлау жұмыстарын жүргізуде оқытудың негізгі формаларын бақылау, қызықтау, ойлау, жылдам жауап беруге ықпал ету, бір -бірімен ойласып орындай білуге дамыту, ұлттық нышандар мен ұлттық құндылықты, мәдениетті құрметтеу.

**Балабақшадағы мәдени дәстүрлер вариативтік компонентің күнтізбелік жоспары:**

**Жоба:** қысқа мерзімді, топтық.

**Жобаның түрі:** мәдени тәрбиелік дағдылары

**Жобаға қатысушылар:** № 11 «Жұлдыз » ересек тобының балалары.

**Жобаның өткізілу мерзімі:** 2024-2025 оқу жылы

**Қолданылатын материалдар:** ақпараттық технологиялар,ұлттық құндылықты дәріптейтін материалдар, ойындар картатекалары.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту стандарты мен үлгілік бағдарламасына сай әлеуметтік тәрбиеге бағытталған.

**Көңілді шеңбер:**

Дөңгелене тұрайық,

Шеңберді біз құрайық.

Кереге болып керіліп,

Уық болып иіліп,

Шаңырақ болып киіліп,

Біз киіз үй құрайық.

-Ал балалар, біз бүгін «Күншуақ» бөбекжай-бақшамызға» саяхатқа барайық, ал ол үшін мына ойынды ойнап, оюларды атап өтейік. **«Оюлы текемет» Шарты:** Түрлі-түсті оюлы текеметтен түстері мен оюларды атап, ажыратып, секіріп өту.

- Ал балалар, енді автобуска мініп ары қарай балабақшамызға жолға шығайық. (балалар автобуска мінген кезде ауыр сөмкелері бар ата мен әже келеді, балалап атасы мен әжесінің сөмкелерін көтерісіп, автобуска мінгізеді, атасы мен әжесі батасын беріп кете береді.)

-Жарайды.

-Ал балалар, өзіміздің балабақшамыз «Күншуаққа» келдік. (автобустан түскенде балалар түрлі –түсті пішіндер алады, сол пішіндер арқылы өз орындарына отырады)

### **Балалар әрекеті:**

**«Шығармашылық бұрышы» - үшбұрыш** *(балалар жіптен ою жапсыру)* Мақсаты:

Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бұршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» оюларын атап, ажырату.

**«Ұлттық ойын» -төртбұрыш** *(шертпек ойыны)*

*Мақсаты:* Ұлттық құндылықтар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды толыққанды дамыту. Мергендікке, шапшаңдыққа, ептілікке, денесінің дұрыс қалыптасуына ықпал ететін ұлттық ойындарды (ақ серек, асық ойыны, бес тас, теңге алу, ат жарыс, ханталапай және т.б.)

**«Еңбекке баулу» - дөңгелек** *(көрпе тігу)*

Мақсаты: Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.

**«қауіпсуздік алаңы» -сопақша** *(қауіпті және қауіпсіз заттарды ажырату)*

Мақсаты: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту,

**«Экологиялық мәдениет»- тік бұрыш** *(гүлдерге күтім жасау)*

*Мақсаты:* Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.

### **Сергіту сәті: «Асық биі»**

#### **Рефлексиялық– түзетушілік**

Қорытынды сұрақ-жауап; балалар жауабы.

– Біздің республикамыз қалай аталады?

-Қазақстан республикасы

-Қандай тілді сөйлейміз?

-Қазақ тілде

-Біздің қаламыз қалай аталады?

-Қандыағаш

-Біздің балабақшамыз қалай аталады?

-«Күншуақ» бөбекжай- балабақшасы»

-Біздің тобымыз қалай аталады?

-«Жұлдыз» тобы

**Қазақстаным!**

Қазақстан мекенім,  
Өзінді мақтан етемін.  
Отқа түсіп күйсемде,  
Отанды қорғап өтемін. (Медина)

### **Мен қазақпын!**

Ұлтын сүйген ұл едім,  
Күшке толы білегім.  
Қазағым деп соғады,  
Жұдырықтай жүрегім. (Алихан)

### **Туған елім**

Гүлденсе екен деймін,  
Тәуелсіз елім, жерім  
Нұрланып, жасара бер!  
Ең қымбат, Ұлы елім! (Аңсаған)

(«Балабақшадағы мәдени дәстүрлер» тақырыбындағы вариативті компонент туралы мәлімет беру)

### **Нәтижесінде:**

Балалардың мектепке даярлығына, заттардың қасиетін аша отырып мұқият тындауға және жеңіл тапсырмаларды шешуге, ұлттық тәрбие мен мәдениетін түсініп өскен тәрбиеленушілер; Балалар заттарды қасиеттеріне қарап жалпылауға, заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын артады, отбасылық құндылықтар мен туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігі қалыптасады..

«Халық айтса қалт айтпайды» демекші тәрбие басын тал бесіктен бастағанның өзі де еліміздің ертеңін ойлаған, яғни атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарымызды, салт-дәстүріміздің, тілімізді, дінімізді қадірлеуді балаға сәби кезінен қалыптастыру.





